Хаттама №5

Қамқоршылық кеңесінің жоспардан тыс отырысы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп- гимназиясы

Өткізілген уақыты: 19.05.2021 жыл
Өткізілген орны: тәрбие бөлімі
Отырыстын басталуы: 15.00 сағ.
Отырыстын аяқтауы: 16.00 сағ.
Отырыстын төрайымы: С.Б. Нугуманов
Қатысқандар:
Сейдахметова Т.С. -директордың оқу ісі жөнідегі орынбасары
Муратбекова А.К. -директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
Абдульманова Б.А. -әлеуметтік педагог
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Б.М. Искаков
Қамқоршылық кеңесінін мүшелері, ата-аналар

Күн тәртібінде:

1.«Ашық мектеп-ашық бюджет» аясында мектеп бюджеті бойынша кезекті есеп беру

Тыңдалды:

С.Б.Нугуманов - мектеп директоры:

ата-аналарды биылғы 2020-2021 оқу жылының аяқталуымен құттықтаймын. Оқу жылы оңай болған жоқ. Қашықтан оқыту, штаттық режимде оқыту, аралас форматта оқытуда біршама қиыншылықтар кездескені рас. Осындай кезеңде шыдамдылық танытып, ата-аналарға қолдау білдіріп, ал балаларға барынша сапалы білім беріп күш салған ұстаздар еңбегін ерекше атап өту керек. Ата-аналар тарапынан да білім алушыларымызға көп көмек көрсетілді.

Халыққа сапалы қызмет көрсету мақсатында біз әрқашан ашықтықта жұмыс жасадық әр білім алушының, әр ата-ананың, әр мұғалімнің үніне құлақ асатын «Ашық мектеп, ашық мекеме» ретінде жұмысымызды дұрыс атқаруға тырыстық.

Мектеп басшысы ретінде келушілерді қабылдап, ата-аналардың өтініштерін тыңдау үздіксіз жүзеге асырылды. Мектепті қаржыландыру жоспары мен мемлекеттік сатып алу жоспары мектеп сайтында және ашық мектептердің интерактивті картасында жыл басынан жарияланды. Сол себепті мектеп бюджеті туралы ақпарат кез келген адам үшін ашық. Жан басына қаржыландыруға көшу нәтижесінде соңғы жылдары мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуда көптеген жақсы жұмыстар атқарылды. Тоқсан сайын мектеп бюджетінің жұмсалуы туралы қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар алдында ашық есеп беріліп